

Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібін және мөлшерін айқындау туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық мәслихатының 2015 жылғы 21 мамырдағы N 275 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 16 маусымда N 3272 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2015 жылғы 4 қарашадағы N 324 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 04.11.2015 N 324 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" 2002 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 4) тармақшасына, "Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 наурыздағы № 217 қаулысына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Мүгедектер қатарындағы кемтар балалардың (бұдан әрі – кемтар балалар) ата-аналарының және өзге де заңды өкілдерінің жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу (бұдан әрі – оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу) тоқсан сайын әр балаға 6,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айқындалсын.

2. Мынадай тәртіп айқындалсын:

1) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен жүргізіледі;

2) үйде оқытылатын мүгедектер қатарындағы кемтар балаларға шығындарды өндіріп алу (толық мемлекет қарауындағы мүгедек балалардан басқа) ата-анасының біреуіне немесе мүгедек балалардың басқа заңды өкілдеріне (бұдан әрі - алушы) беріледі;

3) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу үшін алушы мынадай құжаттарды:

"Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2014 жылғы 11 наурыздағы № 217 қаулысымен бекітілген осы шешімге 1-қосымшаға сәйкес өтінішті;

алушының жеке басын куәландыратын құжатты;
тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты;
психологиялық – медициналық - педагогикалық консультацияның қорытындысын;

мүгедектігі туралы анықтаманы;
банктегі шоттың болуы туралы құжатты;

"Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 наурыздағы № 217 қаулысымен бекітілген осы шешімге 2-қосымшаға сәйкес кемтар баланың үйде оқу фактісін растайтын оқу орнының анықтамасын ұсынады;

4) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысында көрсетілгендей, кемтар баланы үйде оқытудың қажеттілігі танылған жағдайда, өтініш берген айдан бастап тағайындалады;

5) шығындарды тоқтатуға әкеп соққан жағдайлар бар болғанда (мүгедек баланың он сегіз жасқа толуы, мүгедек баланың қайтыс болуы, мүгедектікті алып тастау, мүгедек баланың интернат-үйі немесе санаторлық мектепте оқып жатқан кезеңінде), төлемдер сәйкес жағдайлар туындағаннан кейінгі айдан бастап тоқтатылады.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Тайынша ауданы мәслихатының
XXXVIII сессиясының төрағасы*

Ж. Ғабдуллин

*Солтүстік Қазақстан облысы
Тайынша ауданы
мәслихатының хатшысы*

Қ. Шәріпов

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2015 жылғы 21 мамырдағы № 275 шешіміне 1-қосымша

Жергілікті атқарушы орган уәкілеттік берген
мемлекеттік ұйымның басшысы

(жергілікті атқарушы орган уәкілеттік берген
мемлекеттік ұйым басшысының Т.А.Ә.)

ӨТІНІШ

Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты _____

туған күні _____

мүгедектігі _____

үйінің мекенжайы _____

телефоны _____

жеке басын куәландыратын құжаттың № _____ жылғы _____

жеке сәйкестендіру нөмірі (болған кезде) _____

тағайындауға құжаттарды қабылдауды сұраймын.

Мынадай құжаттардың көшірмелерін қоса беріп отырмын:

1 _____ 2 _____

3 _____ 4 _____

5 _____ 6 _____

7 _____ 8 _____

9 _____ 10 _____

Үйде оқитын мүгедек балаларға материалдық қамсыздандыруды тағайындауға қажетті дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

Құжаттарды _____ қабылдады: _____
(лауазымы, Т.А.Ә. және қолы) (өтініш берушінің Т.А.Ә. және қолы)

20__ ж. " __ " _____

20__ ж. " __ " _____

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2015 жылғы 21 мамырдағы № 275 шешіміне 2-қосымша

АНЫҚТАМА

берілді,

(оқитын және тәрбиеленетін баланың Т.А.Ә.)

ол шын мәнінде _____ № _____ мектептің

(мектептің атауын көрсету)

" __ " сыныбында жеке оқу жоспары бойынша үйде оқиды.

Анықтама талап еткен жеріне ұсыну үшін берілді.

_____ № __ мектеп директоры

(мектептің атауын көрсету)

Т.А.Ә. _____

(аты-жөні және қолы)

М.О.